

**«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2020 жылғы 7 желтоқсандағы  
шешіміне қосымша  
№ 12 хаттама**



**«Қазтехнологиялар» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер**

Жалғыз акционер - Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 9 маусымдағы шешімімен бекітілген (№ 5 хаттама) «Қазтехнологиялар» акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 8-баптың 20-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) атқарушы орган - Бас директор (жеке - дара орган);»;

2) 9-баптың 23-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Қоғамның Бас директорын тағайындау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, оның өкілеттік мерзімін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде өтемақы төлемдерін, еңбек ақы төлеу, сыйақы (сыйлықақы беру) және әлеуметтік қолдау тәртібін айқындау, сондай-ақ онымен еңбек қатынастарын тоқтату туралы шешімдер қабылдау;»;

«3) 10-баптың 27-тармағының 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Бас директорға сыйақы (сыйлықақы) беру, тәртіптік жауаптылыққа тарту және оны жұмыстан шеттету туралы шешім қабылдау, оның қызметінің түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы мәндерін бекіту;»;

4) 10-баптың 27-тармағының 9) тармақшасы алып тасталсын;

5) 10-баптың 27-тармағының 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Бас директор қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;»;

6) 10-баптың 27-тармағының 30) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«30) Қоғаммен Жалғыз акционердің қарауына ұсынылатын мәселелерді алдын-ала қарау және мақұлдау;»;

7) 10-баптың 28-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Бас директордың шешуіне беруге болмайды.»;

8) 10-баптың 29-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Қоғамның жарғысына сәйкес Бас директордың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.»;

9) 11-баптың 32-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«32. Бас директор Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.»;

10) 13-баптың 44-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қоғамның атынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларымен шарттар және Жалғыз акционер тағайындаған Бас директормен еңбек шартын жасасады.»;

11) 14-баптың 46-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Бас директордың бастамасы бойынша, не:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) Жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.»;

12) 14-баптың 47-тармағының екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Бас директорға жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе Бас директор, егер қоғам Жарғысында өзгеше мерзім белгіленбесе, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.»;

13) 14-баптың 49-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Бас директорға алдын ала хабарлауға міндетті.»;

14) 15-баптың 64-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«64. Сырттай дауыс беру арқылы отырыс Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін. Сырттай дауыс беру арқылы отырыс өткізу туралы талап Директорлар Кеңесінің Төрағасына (ал өткізуден бас тартқан жағдайда - Бас директорға) жазбаша түрде жіберіледі және дауыс беруге қойылған нақты және біркелкі тұжырымдалған мәселені (мәселелерді) қамтиды.»;

15) 15-баптың 66-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;»;

16) 15-баптың 71-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қоғамның атқарушы органының фирмалық атауы және орналасқан жері;»;

17) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16 бап. Бас директор

74. Ағымдағы қызметке басшылық етуді жеке-дара атқарушы орган - Бас директор жүзеге асырады.

Бас директор Жалғыз акционермен сайланады және Қоғам қызметінің Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде және қоғамның жарғысында қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Бас директор Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың қоғам белгілеген шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, қоғам өзінің атқарушы органы осы шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамды екеніне дауласуға құқылы.

Бас директор атқарушы орган басшысының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

Бас директордың функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен, осы Жарғымен, Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Қоғаммен жасасқан еңбек шартымен белгіленеді. Қоғамның атынан Бас директормен еңбек шарты Директорлар кеңесінің төрағасымен немесе Жалғыз акционердің шешімімен уәкілеттік берілген адам қол қояды.

75. Бас директор өз құзыреті шегінде:

1) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін, жылдық қаржылық есептілікті тексеретін аудиторлық ұйымның ұсыныстарын, сондай-ақ Қоғамның Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындауды ұйымдастырады;

2) Қоғамның даму жоспарын, бюджетін іске асыруды жүзеге асырады;

3) шешім қабылдау Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің құзыретіне жататындарды қоспағанда, кез келген мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдайды;

4) Қоғамның ішкі рәсімдерін, оның ішінде тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады, Қоғамның ішкі құжаттарымен оның құзыретіне жатқызылған тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі рәсімдерді бекітеді, сондай-ақ Директорлар кеңесіне Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесі туралы хабарлайды;

5) Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер бекітетін құжаттарға жатпайтын, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

6) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты, Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін, оның ішінде Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылау мәселелері бойынша міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

7) Директорлар Кеңесі бекіткен Қоғам қызметкерлерінің жалпы санын және ұйымдастырушылық құрылымын ескере отырып, Қоғамның штат кестесін бекітеді;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ішкі (қызметтік) ақпаратты қорғауды және сақтауды қамтамасыз етеді және ақпаратты ашуға және Қоғам қызметін ақпараттық жария етуге жауапты болады;

9) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

10) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

11) Қоғам қызметкерлерін (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғамның ішкі аудит қызметінің қызметкерлері мен Корпоративтік хатшыны қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

12) Қоғам атынан Қоғам қызметкерлерімен, оның ішінде Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерімен және Корпоративтік хатшымен еңбек шарттарын жасасады және бұзады;

13) жұмысқа қабылдар алдында, Директорлар Кеңесінің Төрағасымен өзінің орынбасарлары мен Қоғамның бас бухгалтерінің кандидатураларын жазбаша келіседі;

14) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды өз орынбасарларының біріне жүктейді;

15) Өзінің және өз орынбасарларының арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерімен айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Бас директордың шетелдік іссапарлары Директорлар Кеңесі төрағасының жазбаша келісімі бойынша жүзеге асырылады.»;

17) 17-бап алып тасталсын.

18) 19-баптың 87-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«87. Қоғамның Корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын, Директорлар кеңесі тағайындайтын және оған есеп беретін Қоғам қызметкері болып табылады.»;

19) 20-баптың 90-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«90. Директорлар кеңесінің мүшелері және Бас директор Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады.»;

20) 26-баптың 108-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«108. Бас директор жыл сайын Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген өткен жылдың жылдық қаржылық есебін талқылауға және бекітуге ұсынады. Қаржылық есептіліктен басқа, Қоғам Жалғыз акционерге аудиторлық есеп ұсынады.»;

21) 27-баптың 112-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«112. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Бас директордың бастамасы бойынша Қоғам есебінен немесе Жалғыз акционердің өтініші бойынша оның есебінен жүзеге асырылуы мүмкін, ал Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өз бетінше анықтауға құқылы. Жалғыз акционердің өтініші бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұраған барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) беруге міндетті.»;

22) 27-баптың 113-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«113. Егер Бас директор аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез-келген мүдделі тұлғаның өтініші бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.»;

23) 28-баптың 116-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«116. Қоғам корпоративтік оқиғалар туралы Жалғыз акционерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіппен Бас директордың қолы қойылған жазбаша хабарлама жолдау арқылы, сондай-ақ «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан» газетінде ақпараттар жариялау және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органның талаптарына сәйкес, Қоғамның интернет-ресурсында ақпарат жариялау арқылы хабардар етеді.».

Атқарушы органның басшысы



Д. Акбаев

Приложение  
к решению Совета директоров  
АО «НК «Казахстан инжиниринг»  
от «4» сентября 2020 года  
протокол № 12



### **Изменения в Устав акционерного общества «Казтехнологии»**

Внести в Устав акционерного общества «Казтехнологии», утвержденный решением Единственного акционера – Совета директоров от 09 июня 2020 года (протокол № 5), следующие изменения:

- 1) подпункт 3) пункта 20 статьи 8 изложить в следующей редакции:  
«3) исполнительный орган - Генеральный директор (единоличный орган);»;
- 2) подпункт 10) пункта 23 статьи 9 изложить в следующей редакции:  
«10) принятие решений о назначении и досрочном прекращении полномочий Генерального директора Общества, определение срока его полномочий, размера его должностного оклада, компенсационных выплат при досрочном прекращении его полномочий, порядка оплаты труда, вознаграждения (премирования) и социальной поддержки, а также принятие решения о прекращении трудовых отношений с ним;»;
- 3) подпункт 8) пункта 27 статьи 10 изложить в следующей редакции:  
«8) принятие решения о вознаграждении (премировании), привлечении к дисциплинарной ответственности Генерального директора и отстранение его от работы, утверждение ключевых показателей его деятельности и их целевых значений;»;
- 4) подпункт 9) пункта 27 статьи 10 исключить;
- 5) подпункт 13) пункта 27 статьи 10 изложить в следующей редакции:  
«13) утверждение документов, регулирующих внутреннюю деятельность Общества по перечню, определяемому Советом директоров (за исключением документов, принимаемых Генеральным директором в целях организации деятельности Общества), в том числе внутреннего документа, устанавливающего условия и порядок проведения аукционов и подписки ценных бумаг Общества;»;
- 6) подпункт 30) пункта 27 статьи 10 изложить в следующей редакции:  
«30) предварительное рассмотрение и одобрение вопросов, выносимых Обществом на рассмотрение Единственному акционеру;»;
- 7) пункт 28 статьи 10 изложить в следующей редакции:  
«28. Вопросы, отнесенные к исключительной компетенции Совета директоров, не могут быть переданы для решения Генеральному директору.»;
- 8) пункт 29 статьи 10 изложить в следующей редакции:  
«29. Совет директоров не вправе принимать решения по вопросам, которые в соответствии с настоящим Уставом отнесены к компетенции Генерального директора, а также принимать решения, противоречащие решениям Единственного акционера.»;

9) пункт 32 статьи 11 изложить в следующей редакции:

«32. Генеральный директор не может быть избран Председателем Совета директоров.»;

10) подпункт 4) пункта 44 статьи 13 изложить в следующей редакции:

«4) заключает от имени Общества договоры с независимыми директорами Совета директоров и трудовой договор с Генеральным директором, назначенным Единственным акционером.»;

11) пункт 46 статьи 14 изложить в следующей редакции:

«46. Заседание Совета директоров может быть созвано по инициативе его Председателя или Генерального директора Общества либо по требованию:

- 1) любого члена Совета директоров;
- 2) службы внутреннего аудита Общества;
- 3) аудиторской организации, осуществляющей аудит Общества;
- 4) Единственного акционера.»;

12) второй и третий абзацы пункта 47 статьи 14 изложить в следующей редакции:

«В случае отказа Председателя Совета директоров в созыве заседания инициатор вправе обратиться с указанным требованием к Генеральному директору, который обязан созвать заседание Совета директоров.

Заседание Совета директоров должно быть созвано Председателем Совета директоров или Генеральным директором Общества не позднее десяти календарных дней со дня поступления требования о созыве.»;

13) пункт 49 статьи 14 изложить в следующей редакции:

«49. Член Совета директоров обязан заранее уведомить Генерального директора Общества о невозможности своего участия в заседании Совета директоров.»;

14) пункт 64 статьи 15 изложить в следующей редакции:

«64. Заседание с заочным голосованием может быть созвано по инициативе любого члена Совета директоров. Требование о проведении заседания с заочным голосованием представляется Председателю Совета директоров (а в случае отказа в проведении – Генеральному директору) в письменной форме и содержит четко и однозначно сформулированный вопрос (вопросы), поставленный (е) на голосование.»;

15) подпункт 1) пункта 66 статьи 15 изложить в следующей редакции:

«1) полное наименование и место нахождения исполнительного органа Общества;»;

16) подпункт 1) пункта 71 статьи 15 изложить в следующей редакции:

«1) полное фирменное наименование Общества и местонахождение исполнительного органа;»;

17) статью 16 изложить в следующей редакции:

#### **«Статья 16. Генеральный директор**

74. Руководство текущей деятельностью осуществляется единоличным исполнительным органом – Генеральным директором.

Генеральный директор избирается Единственным акционером и вправе принимать решения по любым вопросам деятельности Общества, не

отнесенным законодательными актами Республики Казахстан и настоящим Уставом к компетенции других органов и должностных лиц Общества.

Генеральный директор обязан исполнять решения Единственного акционера и Совета директоров.

Общество вправе оспаривать действительность сделки, совершенной Генеральным директором с нарушением установленных Обществом ограничений, если докажет, что в момент заключения сделки стороны знали о таких ограничениях.

Генеральный директор не вправе занимать должность руководителя исполнительного органа или лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа, другого юридического лица.

Функции, права и обязанности Генерального директора определяются Законом, иными законодательными актами Республики Казахстан, настоящим Уставом, иными внутренними документами Общества, а также трудовым договором, заключаемым с Обществом. Трудовой договор от имени Общества с Генеральным директором подписывается Председателем Совета директоров или лицом, уполномоченным на это решением Единственного акционера.

75. Генеральный директор в пределах своей компетенции:

1) организует выполнение решений Единственного акционера, Совета директоров, рекомендаций аудиторской организации, осуществляющей аудит годовой финансовой отчетности, а также рекомендаций Службы внутреннего аудита;

2) осуществляет реализацию Плана развития, бюджета Общества;

3) принимает решение о заключении любых сделок, за исключением тех, принятие решения по которым относится к компетенции Единственного акционера и Совета директоров;

4) осуществляет применение внутренних процедур Общества, в том числе по управлению рисками, утверждает внутренние процедуры Общества по управлению рисками, отнесенные внутренними документами Общества к его компетенции, а также уведомляет Совет директоров о системе управления рисками и о системе внутреннего контроля в Обществе;

5) утверждает документы, принимаемые в целях организации деятельности Общества, не относящихся к документам, утверждаемым Советом директоров и Единственным акционером;

6) издает приказы и распоряжения, касающиеся текущей деятельности Общества, обязательные для исполнения всеми работниками Общества, в том числе по вопросам контроля исполнения решений Единственного акционера и Совета директоров;

7) утверждает штатное расписание Общества с учетом утвержденных Советом директоров общей численности работников и организационной структуры Общества;

8) обеспечивает защиту и сохранность внутренней (служебной) информации и несет ответственность за раскрытие информации и информационное освещение деятельности Общества в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан;

9) без доверенности действует от имени Общества в отношениях с третьими лицами;

10) выдает доверенности на право представления Общества в отношениях с третьими лицами;

11) осуществляет прием, перемещение и увольнение работников Общества (за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан), применяет к ним меры поощрения и налагает дисциплинарные взыскания, устанавливает размеры должностных окладов работников Общества и персональных надбавок к окладам в соответствии со штатным расписанием Общества, определяет размеры премий работников Общества, за исключением работников Службы внутреннего аудита и Корпоративного секретаря Общества;

12) заключает и расторгает от имени Общества трудовые договоры с работниками Общества, в том числе по поручению Совета директоров, с работниками Службы внутреннего аудита и Корпоративным секретарем;

13) письменно согласовывает перед принятием на работу кандидатуры своих заместителей и главного бухгалтера Общества с Председателем Совета директоров;

14) в случае своего отсутствия возлагает исполнение своих обязанностей на одного из своих заместителей;

15) распределяет обязанности, а также сферы полномочий и ответственности между собой и своими заместителями;

16) осуществляет иные функции, определенные законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом, решениями Единственного акционера и Совета директоров.

17) Зарубежные командировки Генерального директора осуществляются по письменному согласованию с Председателем Совета директоров.»;

18) статью 17 исключить.

19) пункт 87 статьи 19 изложить в следующей редакции:

«87. Корпоративным секретарем Общества является работник Общества, не являющийся членом Совета директоров, назначаемый Советом директоров и подотчетный ему.»;

20) пункт 90 статьи 20 изложить в следующей редакции:

«90. Должностными лицами Общества являются члены Совета директоров и Генеральный директор.»;

21) пункт 108 статьи 26 изложить в следующей редакции:

«108. Генеральный директор ежегодно представляет Единственному акционеру годовую финансовую отчетность за истекший год, аудит которой был проведен в соответствии с законодательством Республики Казахстан об аудиторской деятельности, для ее обсуждения и утверждения. Помимо финансовой отчетности, исполнительный орган представляет Единственному акционеру аудиторский отчет.»;

22) пункт 112 статьи 27 изложить в следующей редакции:

«112. Аудит Общества может проводиться по инициативе Совета директоров, Генерального директора за счет Общества либо по требованию

Единственного акционера за его счет, при этом Единственный акционер вправе самостоятельно определять аудиторскую организацию. В случае проведения аудита по требованию Единственного акционера, Общество обязано предоставлять всю необходимую документацию (материалы), запрашиваемую аудиторской организацией.»;

23) пункт 113 статьи 27 изложить в следующей редакции:

«113. Если Генеральный директор уклоняется от проведения его аудита, аудит может быть назначен решением суда по иску любого заинтересованного лица.»;

24) пункт 116 статьи 28 изложить в следующей редакции:

«116. Общество извещает Единственного акционера о корпоративных событиях, путем направления письменных извещений, подписываемых Генеральным директором в сроки и порядке, установленные законодательством Республики Казахстан, а также путем опубликования информации в газете «Казахстанская правда, «Егемен Казахстан» и (или) опубликования информации на интернет-ресурсе Общества в соответствии с требованиями уполномоченного государственного органа.».

Руководитель исполнительного органа



Д. Акбаев

**Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы.**

**Екі мың жиырма бірінші жылдың бесінші қаңтары.**

Мен, Думшебаева Динара Кулдархановна, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 28.12.2012 жылы берген № 12020020 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет етуші, Нұр-Сұлтан қаласының нотариусы, «Казтехнологии» Акционерлік қоғамының Бас директоры - Акбаев Дархан Толеугалиевичтің менің қатысуыммен жасалып қойылған қолының түпнұсқалығын куәландырамын. Өкілдің жеке басы анықталды, оның әрекетке қабілеттілігі және өкілеттілігі, сондай-ақ «Казтехнологии» Акционерлік қоғамының құқықтық қабілеттілігі тексерілді.

**Республика Казахстан, город Нур-Султан**

**Пятое января две тысячи двадцать первого года.**

Я, Думшебаева Динара Кулдархановна, нотариус города Нур-Султан, действующая на основании государственной лицензии №12020020 выданной Комитетом регистрационной службы и оказания правовой помощи Министерства юстиции Республики Казахстан от 28.12.2012 года, свидетельствую подлинность подписи Генерального директора Акционерного общества «Казтехнологии» – Акбаева Дархана Толеугалиевича, которая сделана в моём присутствии. Личность представителя установлена, их дееспособность и полномочия, а также правоспособность Акционерного общества «Казтехнологии» проверены.



Тізілімде № 5 тіркелді  
Зарегистрировано в реестре за № 5  
Өндірілді/Взыскано: 3 209 тенге

Нотариус:

*D. Dumshabaeva*



Прошнуровано и пронумеровано  
на 10 (Десяти) листах  
10 (он) бетте  
нөмірленді және тігілді  
Нотариус *D. Dumshabaeva* Думшебаева Динара Кулдархановна